



**«Педагогика ғылымы студенттердің көзімен»
халықаралық студенттік ғылыми-практикалық
конференциясының
ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК
международной студенческой научно-практической
конференции
«Педагогическая наука глазами студентов»**



Қостанай, 2019 ж.

Қостанай, 2019 г.

ӘОЖ 37.0 (063)

КБЖ 74.00

II 24

**РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ
РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ**

- **Әбіл Еркін Аманжолұлы**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің ректоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор;
- **Айдналиева Назгуль Аманжоловна**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің психологиялық-педагогикалық факультетінің деканы, педагогика ғылымдарының кандидаты;
- **Ташетов Аманжол Асқарұлы**, ғылым және халықаралық байланыстар бөлімінің бастығы, PhD докторы, психология және дефектология кафедрасының қауымдастырылған профессоры
- **Утегенова Бибигуль Мазановна**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің педагогика кафедрасының меңгерушісі, педагогика ғылымдарының кандидаты, доцент;
- **Мнайдарова Светлана Сейтжановна** Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің педагогика кафедрасының аға оқытушысы, педагогика ғылымдарының кандидаты;
- **Ермаганбетова Акбота Жаналыковна**, Өмірзақ Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университетінің педагогика кафедрасының оқытушысы, гуманитарлық ғылымдар магистрі.

**II 24 ПЕДАГОГИКА ҒЫЛЫМЫ СТУДЕНТТЕРДІҢ КӨЗІМЕН
=ПЕДАГОГИЧЕСКАЯ НАУКА ГЛАЗАМИ СТУДЕНТОВ. – Қостанай,
2019. - 157 б.**

ISBN 978-601-7934-80-4

«Педагогика ғылымы студенттердің көзімен» атты халықаралық студенттік ғылыми-практикалық конференция материалдары осы жинаққа енгізілген

Мақала авторлары: жоғары оқу орындары және колледж оқытушылары, мектеп мұғалімдері мен ғылыми-ізденушілер білім беру үрдісінің сапасын жоғарылату және білім беруді жаңғырту мәселелері бойынша халықаралық кәсіби қауымдастықтың өзекті мәселелерін талқылауға алған.

Аталған жинақ жоғары оқу орындары және колледж оқытушылары, мектеп мұғалімдері мен ғылыми-ізденушілерге арналаған.

Жинаққа «Педагогика ғылымы студенттердің көзімен» атты студенттік ғылыми-практикалық конференция материалдары енгізілген.

Мақала авторлары: магистранттар мен студенттер білім беру үрдісінің сапасын арттырудың, білім беруді жаңғыртудың өзекті мәселелерін талқылады.

Осы жинақ студенттерге және магистранттарға арналған.

ӘОЖ 37.0 (063)

КБЖ 74.00

©Ө.Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті, 2019

©Костанайский государственный педагогический университет имени У.Султангазина, 2019

«БОЛАШАҚҚА БАҒДАР: РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» БАҒДАРЛАМАСЫ НЕГІЗІНДЕ ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ»



ЗАМАНАУИ МЕКТЕПТЕРДЕГІ ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ: НАЗАРБАЕВ ЗИЯТКЕРЛІК МЕКТЕПТЕРІ ТӘЖІРИБЕСІНЕН

Жаналинова Сымбат Алмазовна
ЖМФ «Химия» 2 курс студенті
Ермаганбетова Акбота Жаналыковна
г.ғ.м., педагогика кафедрасының оқытушысы
bota.samenova@mail.ru

Аннотация

Өзектілігі. Мақсаты. Тұңғыш Президент Н.Ә.Назарбаевтың Жолдауында айтылғандай, елдегі сапалы білім еліміздің орта мектебінің классикалық педагогиканың жетістіктерін қазіргі уақыттағы инновациялық үдерістермен біріктіретін Назарбаев Зияткерлік мектептеріне оқыту деңгейіне қалай көтеретініне байланысты болады. Мақалада тәжірибе тарату мәселелері және оларды шешу жолдары талқыланды.

Аннотация

Актуальность. Цель. Как подчеркнуто в Послании Первого Президента Н.А.Назарбаева качественное образование в стране будет во многом зависеть от того, насколько наша средняя общеобразовательная школа будет подтягиваться к уровню преподавания к Назарбаев интеллектуальным школам, соединившим достижения классической педагогики с инновационными процессами нашего времени. В статье были рассмотрены проблемы по трансляции и пути их решения.

Abstract

Relevance. Goal. As emphasized in the Address of the First President Nursultan Nazarbayev, the quality education in the country will largely depend on how our secondary school will push up to the level of teaching to Nazarbayev intellectual schools, combining the achievements of classical pedagogy with the innovative processes of our time. The article addressed the problems of translation and ways to solve them.

Кілттік сөздер: зияткерлік мектеп, тәрбие жұмысы.

Ключевые слова: интеллектуальная школа, воспитательная работа.

Key words: intellectual school, educational work.

Зияткерлік мектептерде тәрбие жұмысын ұйымдастырудың бірыңғай кешенді жүйесі құрылған. Мақсаттары, міндеттері, құндылықтары мен күтілетін нәтижелері анықталған. Білім беру үдерісінің құндылықтары «Мәңгілік ел» жалпыұлттық идеясымен сәйкестендірілген. Сондықтан да тәрбие жұмысын ұйымдастырудың басты ерекшелігі құндылықты – бағдарланған білім беру, білім беру мен тәрбиенің бірлігі, білім беру үдерісіне барлық қатысушыларды тарту, айқындылық пен ашықтық, күтілетін нәтижеге бағытталу, қоршаған әлемді тұтас елестетуді қалыптастыру, білім беру үдерісіндегі барлық қатысушылардың жауапкершілігі болып табылады. Тәрбие жұмысының негізгі бағыттары, ұйымдастыру қағидаттары, тәрбие жұмысын ұйымдастырудың басты тәсілдері жасалды. Назарбаев Зияткерлік мектептеріндегі тәрбие жұмысының негізгі бағыттары: патриоттық тәрбие, зияткерлік даму, адамгершілік тәрбие, еңбек, түрлі мәдени даму, дене дамуы, көшбасшылық қасиетінің дамуы.

Білім беру үдерісінің тұтастығы сабақта және сабақтан тыс уақыттағы жеке және азаматтық жауапкершілігі үшін білім және дағдыларды, құндылықтарды оқыту арқылы оқушылар тәрбиесіне құндылықты – бағдарланған білім беру көмегімен жүзеге асырылады. Аса өнегелі тұлғаны тәрбиелеу бірінші кезекте білім беру бағдарламалары мен академиялық пәндердің тәрбиелік әлеуеті арқылы іске асады. Кіріктірілген білім беру бағдарламаларында білім беру үдерісінің тұтас қағидаттары негізінде тәрбиенің қолдаушысы білім беру ортасында тәрбиелеу құрамдас бөлігі күшейтілген. Мұғалім ұзақ мерзімді, орта мерзімді, қысқа мерзімді жоспарларында оқытуды құндылықтарға және соған сай күтілетін нәтижеге бағыттап құрады. Оқыту арқылы, сабақ арқылы тәрбиелеуге баса назар аударылады. Бұл тәрбие мен оқыту бірлігі, яғни екінші ерекшелігі. Зияткерлік мектептердегі тәрбие жұмысының келесі ерекшелігі- оқушылардың сыныптан тыс жұмыстары және қосымша білім беру арқылы түрлі бағытта білім және дағдыларын дамыту. Оқушылардың шығармашылық, физикалық және зияткерлік дамуы үшін оқушыларға үйірмелер мен қызығушылығын арттыратын сабақтар (спорт, көркемөнер, зияткерлік, техникалық), жаратылыстану – математикалық бағыт аясындағы ғылыми – зерттеу, білім беру ұйымдары негізінде еліміздегі және шетелдердегі сыныптан тыс және элективті курстар ұсынылады. Табысты тәрбие жұмысының негізгі шарты оқу – тәрбие үдерісіне Зияткерлік мектептің барлық қызметкерлерінің қатысуы және мектептің ата – аналарымен ынтымақтастығы болып табылады. Тәрбие жұмысының маңызды ерекшелігі: тәрбиенің үшбірлігі - қоғам – отбасы – Зияткерлік мектептер. Тәрбие жұмысының негізгі міндеті оқушыларда танымдық, жалпы адамгершілік, ұлттық (намыс, адамгершілік, тәртіптілік, сыйластық) сияқты құндылықтар мен өз әрекеті үшін жауапкершілікті түсіну және қолдану, өмірдің мәнін түсіну, өзіндік «Мен» ұғымын басқа адамдармен байланыстыру қажеттілігі мен іскерліктерін, дағдыларын өмірде қолдануды қалыптастыру болып табылады. Оқушыларды адамдарға жаны ашу сияқты эмоциялық жағдайларға, әлеуметтік оқиғаларға, қазақстандық және әлемдік қоғамның өміріне, зерттеушілік- шығармашылық әрекетке, өмірде тұлғаның өзін- өзі танытуы мен өзін- өзі дамыту тәсілдері ретінде жергілікті бірлестіктердің іс- әрекетін жақсарту үшін белсенділік танытуға тарту. Зияткерлік мектептердің тәрбие жұмысы толығымен әлеуметтік жобалар мен акцияларды жүзеге асыруға құрылған: «Туған елге тағзым», «Оқушыларға оқу үшін ұсынылатын 100 кітап» жобалары, «Білімнің көзі - кітапта» Book crossing акциясы, «Ата- ананың жұмыс орнындағы 10 күн», «2 апта ауылда», «Ата- ананың жұмыс орнындағы 1 күн» әлеуметтік практикалары, «Қоғамға қызмет» бағдарламасы, «Қазақ әндері» шығармашылық жобасы, «Шаңырақ» мектеп қауымдастықтары, жазғы мектеп және элективті курстар. Әлеуметтік жобалардан басқа тәжірибеде оқушылардың өзін- өзі басқару сияқты өз бетімен жасалатын жобалар, қызығушылық бойынша клубтар «таратуға тұрарлық идеялар» форматындағы «TEDx NIS» клубы, «Wikipedia», 3D модельдеу, халықтық қолөнер кәсібі, гитарада ойнауға, брэйк билеріне құмартушылар, кино, кітап құмарлар, блогерлер, сондай- ақ спорттың командалық түрлері (тоғызқұмалақ, арқантарту, кіші- футбол, волейбол, шахмат, баскетбол, қол добы, үстел теннисі) бойынша желілік Спартакиадалар, әртүрлі бағыттағы (сахналық мюзикл, артфото, сурет өнері, «100 кітап» жобасындағы көркем шығармалар бойынша графика, ең үздік қолөнер т.б.) Арт- фестивальдер.

«Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі» пәні болашақ сынып жетекшілерді даярлаудың басты жолы. Пәнді оқытуда Назарбаев зияткерлік мектептерінің тәжірибесін тарату бойынша жүзеге асырылады. Жалпы, Назарбаев зияткерлік мектептері патриоттық тәрбие, зияткерлік даму, адамгершілік тәрбие, еңбек, түрлі мәдени даму, дене дамуы, көшбасшылық қасиетінің дамуы тәрбие бағыттары бойынша жұмыс жасайды. Қазіргі заманның басты талабы- бәсекеге қабілетті, сыни тұрғыдан ойлана отырып мәселені шешудің өзіндік жолын таба білетін, өз ісіне адал, патриот, заман талаптарына орай өзін саналы түрде өзгерте алатын шығармашыл тұлға

қалыптастыру. Осыған орай оқу пәні толығымен жоба құруға бағытталған. Студенттер сабақта шығармашалық жоба құрастырады. Ол студенттердің білімді игеруімен қатар, шығармашылық әлеуетін қалыптастыруға бағыттылған. Жобада сыныптан тыс және мектептен тыс іс-шараларды жобалау беріледі. Студенттер шағын топтарға бірігіп құрастырып, екінші кезеңде тәжірибе жүзінде көрсетеді. Өз тәжірибемізде көрсеткендей студенттердің шығармашылығы сан алуан. Тәрбиенің бағыттарына сай жасалған жобалар тізбегін атап көрсетейік. Азаматтық-патриоттық тәрбиені қалыптастыруға бағытталған дөңгелек үстелдер, кездесулер, TEDx форматындағы дебат; рухани-адамгершілік тәрбиені қалыптастыруға брифинг, әңгіме, блогиада, cinema project; құқықтық тәрбиені қалыптастыруға конкурстар, мәдени құндылықтарды қалыптастыруда артфото, сахналық мюзикл, арт-фестиваль, буккроссинг және т.б. әлеуметтік жобалар мен акциялар жобаланды. Әлеуметтік жобалардан басқа тәжірибеде студенттердің өзін-өзі басқару сияқты өз бетімен жасалатын жобалар, қызығушылық бойынша клубтар «таратуға тұрарлық идеялар» форматындағы ««NewDEM» студенттердің әлеуметтік белсенділігін қалыптастыру» стартап жобасы жалғасын тауып келеді. Тұңғыш Елбасының «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру», «Ұлы Даланың Жеті Қыры», «Туған жер», «Цифрлы Қазақстан» және т.б. мемлекеттік бағдарламаларды жүзеге асыру бойынша да бірқатар жобалар құрастырылып, тәжірибелік тұрғыдан сынамадан өткізілді. Білім беру үдерісінің құндылықтары «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясымен сәйкестендірілген. Студенттер оқу сабақтарында іс-шаралардың жаңа формаларын тауып, қоғам сұранысына сай, тәрбиелік мәні зор жобалар құрастырады.

Мектеп пен ЖОО-ның байланысын дамытудың бір жолы студенттердің педагогикалық практикасы болып табылады. Педагогика кафедрасы бекіткен өндірістік тәжірибесіне арналған бағдарламада сынақтық ашық тәрбиелік іс-шара өткізу тапсырмасы берілген болатын. Педагогика кафедрасының оқытушысы, гуманитарлық ғылымдар магистрі Ермаганбетова Акбота Жаналыковна қаламыздағы физика-математикалық бағыттағы «Назарбаев зияткерлік мектебі» ДББҰ-дағы тәжірибеден өтіп жатқан болашақ педагогтардың сынақтық кураторлық сағатына қатысты.

7 «А» сынып оқушыларына топ кураторы Қазман Ратбек Қажыханұлымен бірге «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығының 4-курс студенті Жақсылықова Сара оқушылардың зияткерлік деңгейін арттыру мен өз уақыттарын дұрыс ұйымдастыруға үйрету мақсатында «Демалудың дұрыс әдіс-тәсілдері» тақырыбында кураторлық сабақ ұйымдастырды. Сабақ топтық және жұптық жұмысқа негізделді. Топтық жұмыста оқушылар өмірмен байланысты мәтіндерді талқылап, табысқа жетудің ережелерін анықтаса, жұптық жұмыста бейнероликті көру арқылы Эйзенхауэр матрицасының тапсырмасы бойынша келесі аптадағы өз істерімен кестені толықтырды. Сабақ соңында «Менің жетістіктерімнің сағаты» тақырыбында рефлексия жүргізді. Кураторлық сағат жоғары дәрежеде ұйымдастырылды. Назарбаев зияткерлік мектебінен тәжірибеден өтіп жатқан болашақ педагогтар мол тәжірибе жинақтағанына сенімдіміз.

Бұдан өзге, Акбота Жаңалықызы өзіне бекітілген басқа да қала мектептеріндегі тәрбие сағаттарына, атап айтсақ №115, № 11 орта мектепте «Дарынды балаларға арналған БІЛІМ-ИННОВАЦИЯ лицей-интернаты» КММ-де тәжірибеден өтіп жатқан студенттердің тәрбие сағаттарына қатысты.

Әдебиеттер тізімі:

1. <http://nis.edu.kz/>
2. <https://www.kspi.kz/kz/news/faculties/faculty-psychological-pedagogical/9131-mektep-pen-zhoo-bajlanysy>

МАЗМҰНЫ

СОДЕРЖАНИЕ

Алғы сөз.....	3
<i>Бережнова Е.В.</i> Система заданий по реализации принципа перехода от обучения к самообучению в профессиональной подготовке магистрантов.....	4

СЕКЦИЯ 1. «БОЛАШАҚҚА БАҒДАР: РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» БАҒДАРЛАМАСЫ НЕГІЗІНДЕ СТУДЕНТТЕРДІҢ ҒЫЛЫМИ ІЗДЕНІСТЕРІНДЕГІ ПЕДАГОГИКАДАҒЫ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР»

<i>Амангельді Ф., Утегенова Б. М.</i> Колледж студенттерінің әлеуметтік белсенді ұстанымдарын қалыптастырудың педагогикалық шарттары.....	10
<i>Әнуарбек Ә. Ж., Ермаганбетова А. Ж.</i> Заманауи сабақтарда белсенді оқыту стратегияларын пайдалану жолдары.....	16
<i>Бектаева Ә. Б., Утегенова Б. М.</i> Мектепте топтық жұмысты ұйымдастырудың психологиялық- педагогикалық шарттары.....	21
<i>Едрес Т. Н., Ермаганбетова А. Ж.</i> «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы негізінде студенттердің ғылыми ізденістеріндегі педагогикадағы өзекті мәселелер.....	25
<i>Жаппар А. С., Хамзина К. Б.</i> Ата-аналардың өлшемді бағалау жүйесін қабылдауы.....	28
<i>Қуаныш А., Утегенова Б. М.</i> Колледж студенттерінің көшбасшылық қасиеттерін педагогика сабақтарында қалыптастыру жолдары.....	31
<i>Макатова А., Қалиев Д. Д.</i> Балаларды әлеуметтендіру мақсатында ақпараттық және коммуникациялық технологияларын пайдалану (акт).....	35
<i>Нұркелді П., Аканбаев Б. Н.</i> Ақпараттық коммуникативтік технологиялардың оқушы денсаулығына оқушы денсаулығына әсерін төмендету жолдары.....	39
<i>Сағындық С. Д., Утегенова Б. М.</i> колледж студенттерінің әлеуметтік бейімделуін педагогикалық басқару жолдары.....	43
<i>Сартаев Р., Қалиев Д. Д.</i> Оқушылардың бос уақытын шығармашылыққа пайдалану.....	47
<i>Сулейменова Г. А., Хамзина К. Б.</i> Бастауыш сыныпта қазақ тілі пәні сабақтарында үштілділікті пайдаланудың өзектілігі.....	50

СЕКЦИЯ 2. «БОЛАШАҚҚА БАҒДАР: РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ» БАҒДАРЛАМАСЫ НЕГІЗІНДЕ ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ»

<i>Жаналинова С. А., Ермаганбетова А. Ж.</i> Заманауи мектептердегі тәрбие жұмысын ұйымдастыру: назарбаев зияткерлік мектептері тәжірибесінен.....	54
<i>Қайырғали Н., Қалиев Д. Д.</i> «Өз бағытынды тап» бағдарламасы кәсіби бағдарлаудың формасы ретінде.....	57
<i>Қуанышбекова Н., Утегенова Б. М.</i> «Рухани жаңғыру» бағдарламасы бойынша колледж студенттерінің әлеуметтік жоба құруға педагогикалық қолдау.....	60
<i>Нуржигитова М. Қ., Утегенова Б. М.</i> Колледж студенттеріне патриоттыққа тәрбиелеуде “Туған жер” атты ұлттық бағдарламаның іске асыру жолдары.....	65
<i>Сәбитбек Ж., Шалгимбекова А. Б.</i> Отбасы – әлеуметтендіру үдерісінің жетекші институты.....	70

<i>Умарова Г. С., Жоломанова М. Қ., Хамзина К. Б. Бүгінгі жастардың отбасылық құндылықтар мен салт-дәстүр мектебін сақтау мәселелері.....</i>	<i>76</i>
---	-----------

СЕКЦИЯ 3. «АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ ПЕДАГОГИКИ В СТУДЕНЧЕСКИХ ИССЛЕДОВАНИЯХ»

<i>Абдрахманова А.Б., Басанова Ж. М., Иванова Е. Н. Тематический классный час как одна из эффективных форм реализации программы воспитания школьников.....</i>	<i>79</i>
<i>Ажмолдаева М. Д., Иванова Е. Н. Некоторые направления работы социального педагога с семьей, воспитывающей «особого ребенка».....</i>	<i>83</i>
<i>Алимгасинова Г., Лантух Я., Заяц М., Мнайдарова С.С. Портфолио учителя как показатель роста профессиональной компетентности.....</i>	<i>88</i>
<i>Вайленко М. Е., Дзыгало М. А., Бондарь Л. А., Мнайдарова С.С. Технологический подход в обучении.....</i>	<i>94</i>
<i>Вишняк В. В., Иванова Е. Н. Взаимодействие семьи и школы в формировании активной педагогической позиции родителей.....</i>	<i>100</i>
<i>Вишняк В.В., Горбачёва О.С., Мнайдарова С.С. Модель образовательной системы в контексте компетентного подхода к образованию.....</i>	<i>103</i>
<i>Горбачёва О. С., Иванова Е. Н. Некоторые формы реализации направлений воспитания по формированию системы ценностей старших школьников.....</i>	<i>109</i>
<i>Дордый И. О., Кияшко И. А., Молокова А. А., Мнайдарова С.С. Роль лидерства в педагогическом менеджменте.....</i>	<i>113</i>
<i>Жуматова Д. С., Бекенова А. К. Применение информационных технологий как средства интенсификации процесса обучения в вузе.....</i>	<i>120</i>
<i>Жусупбекова Г., Медведок С., Кулагина С., Мнайдарова С.С. Конфликт как явление и феномен социальной сферы жизнедеятельности человека.....</i>	<i>126</i>
<i>Идрисова А. М., Бекенова А. К. Актуальные проблемы педагогики в студенческих исследованиях.....</i>	<i>136</i>
<i>Маусынбаева Д. С., Амединова Ж. О., Мнайдарова С.С. Роль молодежных общественных организаций в казахстане.....</i>	<i>139</i>
<i>Моркель Е. А., Равинская В. А., Фирсова П. А., Мнайдарова С.С. Управление инновациями в современной школе.....</i>	<i>141</i>
<i>Швецов А. С., Самохина И. А., Мнайдарова С.С. Особенности экологического воспитания студентов.....</i>	<i>146</i>
<i>Конференция тұжырымдамасы.....</i>	<i>151</i>
<i>Резолюция конференции.....</i>	<i>153</i>